

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АРШАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ ИМАНЖҮСІП ҚҰТПАНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ЖІБЕК ЖОЛЫ АУЫЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛДАРЫНА ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Жібек жолы ауылы М.Маметова көшесі 19А
Email: ikutpanuly@mail.kz
Телефон: 8-716-44-2-32-97

I. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. **Білім беру ұйымының толық атауы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме
2. **Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан жері):** Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Аршалы ауданы Жібек жолы ауылы М.Маметова көшесі №19А .
3. **Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық поштасы, web-сайт):**
8-716-44-2-32-97 , қабылдау бөлімі – 8-716-44-2-39-01, бухгалтерия –8-716-44-2-39-00
электрондық поштасы –ikutpanuly@mail.kz
web-сайт: <http://sc0012.arshaly.aqmoedu.kz/cp>
4. **Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты- жөні, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы):** 2021 жыл 14 қаңтар №20 -Ж/Қ бұйрығы. Туркестанбаева Ақнұр Арысбаевна, байланыс телефоны: 8-778-962-49-00.
5. **Құқық белгілейтін құқық құжаттары:** Занды тұлғаға 204-1902-06-ММ
6. **Занды тұлғаға Ақмола облысының Әділет Департаменті Целиноград ауданаралық әділет басқармасы 15.01.2021 жылы қайта тіркеу жүргізген (алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 06 желтоқсан 2002ж), БСН:021240003601 Құрылтайшысы:** Ақмола облысының әкімдігі. «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы 2021 жылғы 05 қаңтардағы № А-1/3 қаулысымен бекітілген
7. **Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).**
8. **Орта мектеп 24.04.2024 жылғы Ақмола облысы білім саласындағы сапаны қамтасыз ету департаменті тарапынан берілген № KZ27LAA0021249 лицензия және «бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру »қызметінің кіші түрлеріне берілген № KZ27LAA0021249 номерлі лицензияға қосымша негізінде білім беру қызметімен айналысады (алғашқы берілген күні: 10.02.2017ж.)**
9. **Мектептің ішкі тәртіп ережелері әзірленді және бекітілді.**
https://drive.google.com/drive/folders/1ZhtpNcs_-hhmb323MLS7bC6X7G9chGPO?usp=drive_link

Мектеп миссиясы: Мамандығын саналы таңдауға бейім түлектерді тәрбиелеу. Жаһандану үдерісін қабылдауға қабілетті, шығармашыл оқушылар мен ұстаздардың үлесін арттыру. Оқу тәрбие процесін құндылықтарға негіздей отырып, жоғары мәдениетті, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, зрделі, білімді тұлға қалыптастыру.

Мектептің мақсаты:

1. Білім беру мазмұнын жаңартуда педагог мамандардың кәсіби қалыптасуын жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызу;
2. Білім беру ұйымындағы инновациялық үдерістерді белсендіру мен қолдаудағы әдістемелік қызметтің рөлін күшейту;
3. Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын ендіруге байланысты іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру;
4. Оқу процесінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын басты бағыт ретінде пайдалана отырып, оқытудың заманауи үлгісін қалыптастыру, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесін, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу;

Мектептің міндеттері:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік білім стандартында көрсетілген міндетті базалық білім деңгейін, әрбір оқушының меңгеруін қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру;
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын жүзеге асыру. Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
3. Оқушылардың білім сапасын арттыру, қорытынды аттестаттауға жүйелі дайындаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру;
4. Үштілде оқыту үдерісін енгізу және дамытуға байланысты кешенді іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру;
5. Оқытудың мазмұны мен пішінін өзгертуде педагог мамандардың кәсіби іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру;
6. Мектеп жасындағы балаларды толық оқумен қамтамасыз ету және мектеп оқушыларын сабаққа қатысуына бақылауды күшейту, «Мектепке жол» және «Қамқорлық» акциялары жұмыстарын жалғастыру;

Мектептің білім беру құндылықтары: Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, өмір бойы білім алу, еңбек және шығармашылық.

II. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

2024-2025 оқу жылы штаттық кестеге сәйкес мектепте біліктілік талаптары сай 85 мұғалім жұмыс жасады, соның ішінде 5 мұғалім сырттай қоса атқарушы болып жасады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар-81 мұғалім, арнаулы орта кәсіптік білімі бар -5 мұғалім сабақ берді.

Педагог кадрлардың сапалық құрамы туралы ақпарат

2024-2025 оқу жылы

Кесте 2.1.


Оқу жылы	Жалпы мұғалімдер саны	Жоғары білімдісі	Жоғары білімді педагогтердің үлесі	Орта арнайы білімдісі	Орта арнайы білімді педагогтердің үлесі
2024-2025	85	81	95,2 %	4	4,8 %

Кесте 2.2.

Оқу жылы	Педагогтар саны	Педагогтар саны	өлшемі	Біліктілік деңгейі бойынша				
				барлығы	модератор педагог	педагог-сарапшы	педагог-зерттеуші	педагог-шебер
2020-2021	басында	87	адам	67	34	21	12	-
			%	77%	39 %	24 %	14 %	-
	соңында	85	адам	66	33	20	14	-
			%	77%	38 %	23 %	16 %	-

Педагогикалық құрамның сапалық құрамы: 77%

Педагогикалық құрамның сапалық құрамының мониторингі



Бұл мониторингке сәйкес, И.Құтпанұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру кестесіне сәйкес, мұғалімдер жыл сайын біліктіліктерін жоғарылатып отырғанын көруге болады.

2024-2025 оқу жылының педагог кадрлардың сапалық құрамы туралы ақпарат 7 қосымшада көрсетілген.

2.Мектеп контингентіне мінездеме

2024-2025 оқу жылының басында «И.Құтпанұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» бойынша оқу жылының басында 1058 оқушы, 50 комплект сынып бар. Сыныптың оқушылармен орташа толымдылығы 21 оқушы. Оқытудың бастауыш сатысында 1-4 сынып – (20 сынып-комплект) – 423 оқушы, негізгі сатысында 5-9 сыныптар- 511 оқушы (24 сынып-комплект), жоғары сатысында 10-11 сыныптар-124 оқушы(6 сынып-комплект).

Сынып- комплект				
Оқу жылы	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып	1-11 сынып
2024-2025	22	21	4	50

2024-2025 оқу жылының параллель сынып- комплектерінің саны:

Оқу жылы	Бастауыш сыныптар	Негізгі орта сыныптар	Жалпы орта сыныптар
2024-2025	1 сынып – 5	5 сынып – 5	10 сынып – 3
	2 сынып – 5	6 сынып – 5	11 сынып – 3
	3 сынып – 5	7 сынып – 4	
	4 сынып – 5	8 сынып – 5	
		9 сынып – 5	
Барлығы - 50	20 сынып	24 сынып	6 сынып

2024/2025 оқу жылының білім алушылардың келуі мен кетуін салыстырмалы талдау

Тоқсан	Тоқсан басындағы оқушы саны	Кеткен оқушылар саны	Келген оқушылар саны	Тоқсан соңында оқушы саны	Динамика
1-тоқсан	1058	9	21	1070	+12
2-тоқсан	1070	8	4	1065	-5
3-тоқсан	1065	12	2	1074	+9
4-тоқсан	1074	10	2	1064	-10

III ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022.07.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес оқу жұмыс жоспары, сабақ кестелері, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары сәйкес.

ҚР Оқу-ағарту Министрлігінің 30 шілде 2024 ж. № 194 бұйрығы негізінде 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспар бекітілді. Ағымдағы оқу жылында тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сай жүргізілді. Бұл кезеңде мектептің тәрбие жұмысына қатысты іс-шаралар мен сыныптан тыс жұмыстарға баса назар аударылды. Әлеуметтік және медиа жобалар іске асырылды. Жауаптылар: Қамқор- 8 сынып (әлеуметтік педагог) Қуан Ұ, Шабыт-1-4 (музыкант) Бахитжан Б, Еңбегі адал жас өрен- 9 сынып (профориентолог) Бақытнұр Ө, Ұшқыр ой алаңы -7 сынып (педагог ұйымдастырушы) Бахытхан О, Смарт бала- 5 сынып (информатика пән бірлестігі) Сериккажинов А.С, Балалар кітапханасы- 6 сынып (кітапханашы) Накипова Н.М, «Жаншуақ» редакциясы- Апталық мектеп газеті (информатика пән бірлестігі) Сабырова А.М, «Мұражай мұрасы» -Ата аналарды пед қолдау Жакен М, «Азамат» тобы ИДН бірлескен жоба- Намыс ұлдар клубы Байлау Ж, «Инабат»- Инабат қыздар клубы Сулейменова Г.Е. Оқушылардың белсенділігі мен қатысу деңгейін арттыру мақсатында түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Бақылау жүргізілді. Мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер өткізілді. Алты құндылықты ұтымды дәріптеуде сынып жетекшілермен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шаралары өтілді.

Әр айға құндылық атауы берілді. Сол құндылықты дәріптеу негізінде айлық жоспар жасалды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында күнделікті атқарылатын шаралар бойынша - «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас, арқан тарту және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау. Апта сайын атқарылатын шаралар:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының бірінші күні дәстүрлі түрде білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- «Апта дәйексөздері» – сынып тақталарында және кітапханада ілінуі қажет.
- «Қауіпсіздік сабағы» – сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу арқылы өткізіліп, қмж-сы жазылуы тиіс.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы құндылықтарды жүзеге асыру мақсатында -әр айдың құндылығына негізделген апта дәйексөздері мен жас ерекшелігіне сай тапсырмалар беріледі.

«Қамқор» жобасы

Мақсаты	Қатысушылар	Құндылығы	Іс шара атауы	Мерзімі
Білім алушыларға адами құндылық туралы тәрбие нормаларын үйрету	Әлеуметтік педагог 8 сынып жетекшілері	Әділдік және жауапкершілік	«Қоғамға қызмет ету»	Қазан 09.10.24
			Волонтерлік қызмет	
			«Жер сағаты»	Наурыз 19.03.25
			Экологиялық ациясы	
			«Түлектердің ағаш егуі»	Сәуір 22.04.25
			9-11 сыныппен	
			Табиғатқа қамқорлық жасаймыз	Жыл бойы

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы

Мақсаты	Қатысушылар	Құндылығы	Іс шара атауы	Мерзімі
Білім алушыларға адал еңбектің маңыздылығын дәріптеу	Кәсіби бағдар беруші 9 сынып жетекшілері	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Қазан 02.10.24
			«Мамандықтар» марафоны	Қаңтар 16.01.25
			«Мамандықтар әлеміне саяхат» колледж,	
			университеттерге апару	Жыл бойы

«Шабыт» жобасы

Мақсаты	Қатысушылар	Құндылығы	Іс шара атауы	Мерзімі
Білім алушыларды шығармашылыққа қызықтыра отырып, өз елінің мәдениеті мен әдебиетіне деген құрметін арттыру	Музыка пәні мұғалімі 1-4 сынып жетекшілері	Бірлік және ынтымақ	«Даналық ұстаздан» Челлендж	Қазан 15.10.24
			«Мектеп театры» үздік қойылым	Қараша 20.11.24
			«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Наурыз 18.03.25
			«Ананың аялы алақаны» челлендж	
			«Жас сарбаз» әскери патриоттық әндер фестивалы	Мамыр 06.05.25
			«Әншуақ» фестивалы	
			Домбыра күні	Маусым

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы

Мақсаты	Қатысушылар	Құндылығы	Іс шара атауы	Мерзімі

Білім алушыларға ойын ашық жеткізуге, үлкен орталарда өзін еркін ұстауға, ой білдіруге бағыттау	Педагог ұйымдастырушы Үйірме жетекшісі 7 сынып жетекшілері	Жасампаздық және жаңашылдық	Зияткерлік ойындар Зияткерлік ойындар Дебат Дебат	Қараша 30.10.24 Қаңтар 28.01.25 Желтоқсан 11.12.24 Сәуір 14.04.25
---	--	-----------------------------	--	--

«Smart bala» жобасы

Мақсаты	Қатысушылар	Құндылығы	Іс шара атауы	Мерзімі
Білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, өнертапқыштық қасиеттерін арттыру	Информатика пән мұғалімдері 5 сынып жетекшілері	Жасампаздық және жаңашылдық	«Start up» «Start up» «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»конкурс	Қараша 25.10.24 Ақпан 10.02.25 Қаңтар 21.01.25

Ай құндылық	Сынып сағаттары	Сыныптан тыс іс-шаралар		Жоба жұмысы	Ата-аналар мен жұмыс	Біріккен бірлескен жұмыс
		тәрбиелік және алдын алу	құқық бұзушылықтың алдын алу			
Қыркүйек «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»	4	7	5	3	3	16
Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық»	4	11	5	6	3	17
Қараша «Әділдік және жауапкершілік»	4	7	6	9	3	19
Желтоқсан «Бірлік және ынтымақ»	4	11	8	6	3	23
Қаңтар «Заң және тәртіп»	4	16	12	6	3	26
Ақпан «Жасампаздық және жаңашылдық»	4	9	5	8	3	24
Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық»	4	13	4	6	3	23
Сәуір «Еңбекқорлық және кәсіби құзіреттілік»	4	12	8	3	3	25
Мамыр «Бірлік және ынтымақ»	4	10	5	5	3	19

Барлығы	36	96	58	52	27	192
Барлық осы оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының саны	461					

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының сабақтары

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жоспарға сай сабақтар өткізілуде. Өткізілген жұмыстар әлеуметтік желіге жарияланды. Әзірлемелер жинақталды.

Сынып	Тақырып	Сабақ саны	Сабақ форматы	Қатысқан ата-аналар саны	Сілтемесі
Қаңтар 1-4	«Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны» Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	1	Дөңгелек үстел	25	https://www.instagram.com/p/DH5HRjo01K/?igsh=MXQwN2F6aXp6ejhoOA==
Қаңтар 5-9	«Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» Жасөспірімнің желідегі әрекеті	1	Танымдық сабақ	38	https://www.instagram.com/p/DGgM-HIMgst/?igsh=dDAwczFwYnVzamJ5
Қаңтар 10-11	«Жаксыдан қашпа, жаманға баспа...»	1	Өтілген жоқ		-
Ақпан 1-4	«Сенім арту – жетістік кепілі» Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	1	Ақпараттық сабақ		https://www.instagram.com/p/DH5SDODMyJG/?igsh=emd3bDEyNnJnN3g3
Ақпан 5-9	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	1	Коучинг сабақ	41	https://www.instagram.com/reel/DH0TfN1M88c/?igsh=NzY1bnlxbjNwcTF4 https://www.instagram.com/reel/DH5TChIMC_Z/?igsh=MXVsOXhtb3hieWI0Nw==
Ақпан 10-11	«Күйзелістен шығар жол»	1	Коучинг сабақ	29	https://www.instagram.com/reel/DH5WSMOMP65/?igsh=MWpkeWJ4ZGw3eWdneQ==
Наурыз 1-4	«Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер»	1	Коучинг сабақ	13	https://www.instagram.com/p/DILhkEPsNin/?igsh=MWcwNnBvZnc5dWFmeA==

Наурыз 5-9	«Жас өспірімдермен қарым-қатынас құпиялары»	1	Танымдық сабақ	39	https://www.instagram.com/p/DH-r1A1MFFa/?igsh=MXh2d291eGteGN2eg==
Наурыз 10-11	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	1	Коучинг сабақ	21	https://www.instagram.com/p/DH5S4jhsK09/?igsh=eHd4cDAxeDdrdnR2
Сәуір 1-4 сыныптар	Тәліммен өрілген біздің дәстүр. Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде Ж:Карымова А.К	1	Коучинг сабақ	15	https://www.instagram.com/p/DKMwcmiswc3/?img_index=1&igsh=MWxxenV2MDh4aW42cw==
Сәуір 5-9 сыныптар	Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына Құндылықтар – отбасы бақытының негізі Ж:Сарсенбаева М. К.	1	Коучинг сабақ Дөңгелек үстел	53	https://www.instagram.com/p/DI0S0EZIgUc/?igsh=M2hzM295MmJuaTh5
Сәуір 10-11 сыныптар	Атадан өсиет, анадан қасиет Ж: Кожяхметова Б.К.	1	Коучинг сабақ	0	Өтілген жоқ
Мамыр 1-4 сыныптар	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы (презентация, бейнежазба, сайыс және т.б.) Ж: Серікова А.С	1	Іс-шара	23	https://www.instagram.com/p/DKMwTmqM67g/?igsh=MW50YzR1d3FhN29jNQ==
Мамыр 5-9 сыныптар	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында Отбасы күніне арналған «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында әкелерге арналған шебер сынып өткізу Ж: Камалатова Д.С. Сердалы Ж.К	1	Іс-шара	0	Өтілген жоқ
Мамыр 10-11 сыныптар	Ата-аналарға арналған кеңес: «Жасөспірімдердің өмірлік мақсаттары. Өзіңізді және баланы болашақ емтихандарға қалай	1	Іс-шара	8	https://www.instagram.com/p/DKHloCFMUCn/?igsh=MWE5MjFsNjlibXMy

	дайындау керек?» 9,10,11 сынып ата-аналарына Ж: Нуралина Б.А				
--	---	--	--	--	--

ҚР оқу ағарту министрлігінің 2024 жылдың 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы бойынша есебі

Қамқор жобасы					Еңбегі адал – жас өрен				
Қамту саны					Қамту саны				
Іс-шара саны	Бала		Ата-ана	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)	Іс-шара саны	Бала		Ата-ана	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)
12	1063	527	87	12	11	1063	603	54	11

Smart Bala					
Қамту саны					
Іс-шара саны	Бала	Қауіпсіздік сабағының қамтылуы	Жоба авторларының саны (оқушы)	Жетекші Педагог	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)
3	74	2	Солтан Ақерке, Рахметолла Қарақат, Халмұрат Сабина, Серикбай Аружан, Нұрланқызы Қарақат, Кадырбекова Наргиза, Орынбасарова Гүлсезім, Пірмахан Еркеназ	Лесбекова Ұ.А, Кенжалы А	3

Шабыт					
Қамту саны					
Іс-шара саны	Бала	Жоба саны	Жоба авторларының саны (оқушы)	Жетекші Педагог	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)
5	650	4	-	-	4

Ұшқыр ой алаңы			
Қамту саны			
Іс-шара саны	Бала	Жетекші Педагог	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)
4	300	Бахытхан О	4

Балалар кітапханасы				
	Қамту саны			
Іс-шара саны	Бала	Педагог	Ата-ана	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)
15	730	35	240	15

Алдын алу шаралары				
	Қамту саны			
Іс-шара саны	Бала	Педагог	Ата-ана	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)
39	740	53	323	25

Ата-аналарды қолдау орталығы				
	Қамту саны			
Іс-шара саны	Бала	Педагог	Ата-ана	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)
24	135	30	250	20

Қауіпсіздік сабағының қамтылуы				
	Қамту саны			
Іс-шара саны	Бала	Педагог	Ата-ана	Жариялымдар саны (әлеуметтік желі, сайт)
58	1065	50	230	29

Жалпы жыл басынан буллинг, кибербуллингтің алдын-алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Мектепте әлемжеттік көрсету жағдайлары бірнеше рет орын алды. Мектептің кива командасы және Жібек жолы ауылының полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып, ата-аналарын дереу шақырту арқылы түсіндіру жұмыстары жүріліп, келісім-бітімгерлікке келіп отырды. Мектебімізде ақша жинау, ұрлық жасау бойынша тәртіп бұзған оқушылар жоқ.

«ИНАБАТ» қыздар ұйымымен жүргізілген жұмыстар

Мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу.

Тәрбие ісінің меңгерушісі Манар Жәкенқызы және Инабат қыздар ұйымының төрайымы Сулейменова Г.Е. «Қыздарға қырық үйден тыйым» тақырыбында қыз балаларға кеңес берді. Қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге пайдалы кеңестерін берді. Қыз бала гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға, өз

бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру, қыздарды инабатты болуға шақырды. Жиналыста қыздардың тәртібі, сабаққа қатысы, мектеп формасы, ерте жүктіліктің алдын алу және оның зардаптары және сенім телефоны және сенім жәшігі туралы айтылды. «Қазақ қызы қандай болуы керек?» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Қыздар өз пікірлерімен бөлісті.

Әлеуметтік педагог Қуан Ұлбібі сонымен қатар шынайы өмірден мысалдарда келтіріп өтті. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Жалпы қыз балаларға арналған гигиеналық жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу үйрету. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге үйрету. Қыздарды тәрбиелеу мектепте ғана емес, ата-ананың да міндеті туралы айта кетті.

Мектеп психологы Ахметова Ж «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз!» тақырыбында баяндама оқыды. "Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз" деп бекер айтылмаса керек. Ғұмырлы сөз, әрі, ғұмыр бойы есте сақталуы тиіс сөз. Халқымыз ерте кезден адамгершілікті, ар-ұятты, инабаттылықты жоғары бағалай білген. Өткеннің еншісіндегі жақсы дүниені келешектің кемесіне салып, ұлттың ұлылығын танытатын игіліктің барлығы да ұмыт қалмауы үшін қыздың тәрбиесіне мән беру керектігін талап етті. Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім тәрбие арқылы өлшенетінін айтты.

23 желтоқсан күні «Бұрымды қыз» сайысы өтті. Сайысқа 7-11 сынып қыздары, тәрбие ісінің меңгерушісі, әлеуметтік педагог, мектеп психологы қатысты. Бұл сайыста қыздар өздерін таныстырып, өз өнерлерін көрсетті.

Жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен және марапат қағаздарымен марапатталды.

Қыздар ұйымының мүшелері әр апта сайын тазалық тексеріп отырды. 15.01.2025ж «Біздің сіңілдерімізге кеңес» тақырыбында Ақұштап Бақтыгереев «Сіңіліме сыр» өлеңі негізінде 11-сынып қыздарының ақыл-кеңесі іс-шарасы өтілді

«Біздің сіңілдерімізге кеңес»

Мектебіміздің медбикелері апта сайын тазалық тексеріп отырды, қыздарымызға ақыл-кеңестерін айтып, жеке бас гигиенаны әрқашан ұстау керектігін үнемі қыздарымызға ескертіп отырды. Жоспарға сай тазалық және мектеп ережелерін сақтау мақсатында әр айда, апта сайын тексеру жұмыстары жүргізілді.

21.01.25 ж ДТІЖО мектептің тазалығы мен мектепшілік ереже-талаптарының орындалуын қадағалау мақсатында оқушылардың тазалығын тексеріп қыздармен әңгіме жүргізді. Жоспарға сай тазалық және мектеп ережелерін сақтау мақсатында әр айда, апта сайын тексеру жұмыстары жүргізілді.

15.01.2025 Қыздар арасында дене шынықтыру пәні ұстаздарымен бірлесіп спорттық жарыстар ұйымдастыру 5-6 сынып қыздары. Салуатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды 12.02.2025 Артық болмас білгенің қағаздан матадан қолөнер көрмесі. Жауаптылар қыздар ұйымы мүшелері 04.03.2025 жыл Шаш өру мен ақ бантик тағуды ТРЕНД-ке айналдырайық! челлендж 5 – сыныптар қыздар арасында өткізілді. 05.03.2025 «Жас өренге айтарым бар құлақ салса» әжелермен кездесу өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының әдет ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру. 7-10 сынып оқушылары

17.03.2025 ж «Қыздарға кеңес» мектеп медбикесімен бірлесіп кездесу өткізілді. Мектебіміздің медбикесі сөз сөйлеп өз ойымен бөлісті.

«Қыздарға кеңес» мектеп медбикесімен бірлесіп кездесу өткізілді. Мектебіміздің медбикесі сөз сөйлеп өз ойымен бөлісті.

Қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге пайдалы кеңестерін берді. Қыз бала гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға, өз бойларын, қыздарды инабатты болуға шақырды. Жиналыста қыздардың тәртібі, сабаққа қатысы, мектеп формасы, ерте жүктіліктің алдын алу және оның зардаптары және сенім телефоны және сенім жәшігі туралы айтылды. Жиналыс соңында қатысқан оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.

Мектептегі қыздар ұйымы "Инабат қыз" бағытында жұмыс жүргізді. Ұйым жұмысы мектептің тәрбие жоспарына сай құрылып, оқушы қыздардың мәдениетті, тәрбиелі, сыпайы, ұқыпты болып өсуіне ықпал етуді мақсат етті.

Қыздар ұйымының жұмысы оқушылардың бойында имандылықты, инабаттылықты, тазалық пен тәртіпке деген жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етті. Қыздар белсенділік танытып, мектепшілік және сыртқы шараларға жауапкершілікпен қатысты.

09.04.2025 «Әдемі қыз – көзіңізге жақын, әдепті қыз – көңіліңе жақын»

7-10 сынып оқушылары

Баяндама тақырыбы:

«Әдемі қыз – көзіңе жақын, әдепті қыз – көңіліңе жақын»

Қазақ халқы ежелден қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Қыз баланың сымбаты мен сұлулығынан бұрын, оның әдебі мен тәрбиесі – қоғамдағы орны мен абыройының өлшемі болған.

Халық даналығында «Әдемі қыз – көзіңе жақын, әдепті қыз – көңіліңе жақын» деп бекер айтылмаған. Себебі сыртқы сұлулық көз тартқанмен, ішкі мәдениет пен әдеп – адамның шынайы болмысын көрсетеді.

Қорытынды: Сыртқы сұлулық уақытша, ал ішкі әдеп пен адамгершілік – өмір бойы сақталатын байлық. Қыз баланың көркі – тек келбетінде емес, оның жүрегіндегі ізгі ниетінде, тіліндегі сыпайылығында, әрекетіндегі ұстамдылығында.

06.05.2025 ж «Ерлер – ел қорғаны» атты ҚР Қарулы күштер мерекесіне орай мектебіміздің ер азаматтарын «Инабат» қыздар ұйымы құттықтады.

7 Мамыр — Отан қорғаушылар күні 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылған күн болып жарияланды.

Бұл күн — еліміздің Тәуелсіздігін, жеріміздің тұтастығын, бейбітшілігін қорғайтын әскерилер мен барша ер азаматтарға арналған құрмет күні.

Мақсаты:

- Елге адал қызмет ететін жауынгерлерге алғыс білдіру
- Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру
- Қарулы күштердің рөлін дәріптеу

Қорытындылай келе, 2024–2025 оқу жылында қыздар ұйымы жоспарға сай жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп, мектеп өміріне белсенді араласты. Ұйымдастырылған іс-шаралар қыз балалардың бойына ұлттық тәрбие, инабаттылық, әдептілік, тазалық пен мәдениеттілік сияқты қасиеттерді сіңіруге ықпал етті. Қыздар ұйымы – тек шара өткізетін құрылым емес, ол – тәрбиенің, рухани дамудың, достық пен бірліктің орталығы. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, жаңа жобалар мен шығармашылық бастамалар қолға алынатын болады.

Үйірме жұмысының есебі

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушылар, мектептегі үйірмелермен қамтылған, **қосымша білім алуына мүмкіндік жасалды**. Баланың жан-жақты сауатты, салауатты, өнерлі де талапты болып қалыптасуына үйірменің үйретері көп. Қосымша білім беру бойынша: домбыра, вокал, хореография, фортепиано, қобыз, робототехника, көркем-сурет т.б. үйірмелері жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ, мектебімізде ұстаздар оқушыларды ағылшын, БҰТО дайындық, пікір сайыс «Ақиқат» клубы (дебат), мәнерлеп оқу үйірмелері арқылы сөз шеберлігіне баулиды. Спорттық үйірмелерден волейбол (қыздар, ұлдар), баскетбол, футбол, бокс, жүзу, самбо, каратэ, ММА, қазақша күрес, шашки-шахмат, үстел теннисі, ұлттық спорт түрлері: тоғызқұмалақ, асық ату, садақ ату ойындарына қатысады. Дарынды, шығармашылық жұмыспен айналысуға қызығушылығы мол балалар үйірмелерге қатысып жетістіктерін көрсетіп жатыр. Ұлттық ойын, шебер қолдар, пікір-сайыс сөз мерген үйірмелері қызу жұмыс үстінде.

Алдыңғы жылмен салыстыру бойынша қосымша білім берумен қамтылған оқушылар мен тәрбиеленушілердің өсу динамикасы

Оқу жылы	Жалпы оқушы саны	Үйірмелер саны	Үйірмеге қатысатын оқушылар саны (үлесі%)			
2022-2023ж	1234	15	520 оқушы (42%)			
			Мектепшілік үйірме саны	Қамтылған оқушылар саны (үлесі%)	Қосымша білім беру үйірме саны	Қамтылған оқушы саны(үлесі%)
			8	318 оқушы (25%)	7	202 оқушы (16 %)
Оқу жылы	Жалпы оқушы саны	Үйірмелер саны	Үйірмеге қатысатын оқушылар саны (үлесі%)			
2023-2024ж	1080	20	741 оқушы (68%)			
			Мектепшілік үйірме саны	Қамтылған оқушылар саны (үлесі%)	Қосымша білім беру үйірме саны	Қамтылған оқушы саны(үлесі%)
			9	425 оқушы (39%)	11	316 оқушы (29 %)
Оқу жылы	Жалпы оқушы саны	Үйірмелер саны	Үйірмеге қатысатын оқушылар саны (үлесі%)			
2024-2025ж	1058	24	809 оқушы (76%)			
			Мектепшілік үйірме саны	Қамтылған оқушылар саны (үлесі%)	Қосымша білім беру үйірме саны	Қамтылған оқушы саны(үлесі%)

			10	448 оқушы (42%)	14	361 оқушы (34%)
--	--	--	----	--------------------	----	-----------------

2024-2025 оқу жылында 24 үйірме жұмыс жасайды, оның 14 ақылы үйірме, 10 ақысыз спорттық секция.



«Волейбол» ұлдар үйірмесі



«Футбол» үйірмесі



«Асық ату» үйірмесі



«Роботатехника» үйірмесі



«Қазақша күрес» үйірмесі



Баскетбол үйірмесі



«Ақиқат» клубының (дебат) жұмысы



Домбыра үйірмесі



«Шашки-шахмат» үйірмесі



Волейбол қыздар үйірмесі



«Жас сарбаз» үйірмесі



«Шебер қолдар» үйірмесі



Мектеп парламенті



«Тоғызқұмалақ» үйірмесі

Үйірмеге қатысатын оқушылар саны



«Намыс» ұлдар ұйымының ІІІ-тоқсанда атқарылған жұмыстарының жазбаша есебі.

1. Қыздарды сыйлау үлкен тәрбие

2. «Менің әкем бағдаршам»

Қыздарды сыйлау — өте маңызды нәрсе. Мектеп оқушылары арасында қыздарды сыйлау тек сыпайылықпен шектелмейді, ол қарым-қатынасты, құрмет пен түсіністікті дамытуға ықпал етеді. Қыздарды сыйлау дегеніміз:

1. Сыпайы болу: Қыздарға әдепті сөйлеу, оларды мазақ етпеу, кемсітпеу.
2. Тең құқықтар: Қыздардың пікірін тыңдап, оларды тек өз көзқарастары мен мүдделерін білдіру мүмкіндігіне ие екенін мойындау.
3. Қолдау көрсету: Қыздарға көмектесу, оларды қиын сәттерде қолдап, қол ұшын беру.
4. Құрмет көрсету: Қыздардың жеке шекараларын бұзбау, оларға еркіндік пен жеке кеңістік беру.
5. Достық қарым-қатынас: Қыздарға тек қызығушылықпен емес, шынайы достықпен қарау, оларға сенім мен өзара түсіністік негізінде қатынас орнату.

Мектеп оқушылары үшін бұл маңызды аспект, себебі болашақта дұрыс қарым-қатынас орнату да осындай қарапайым нәрселерден басталады. Қыздар да, ұлдар да бір-бірін құрметтеп, түсініп, бір-біріне көмек көрсетсе ғана жақсы қоғам құра алады.

«Менің әкем бағдаршам»

«Бағдаршам тәрбие» деген сөзді көп қолданатын болсақ та, оның мағынасы терең. Бұл әкенің, жалпы ата-ананың, баласына тәрбие берудегі маңызды қағидаларын білдіреді. Бағдаршамды қарағанда, үш түсті көреміз: қызыл, сары, жасыл. Әке тәрбиесінде де осы түстердің мағынасы бар.

1. Қызыл түстер — шектеу, тыйым: Бұл балаға белгілі бір шектерді көрсету, дұрыс емес нәрселерге қарсы шығу. Әке әрдайым өзінің баласына шектеулер қойып, оны дұрыс жолға бағыттауы керек. Қызыл түстей қатал болса да, бұл тәрбиенің қажетті бөлігі.
2. Сары түстер — ескерту, ойлану: Әке балаларын өздерінің әрекеттерін ойланып, салмақтап шешуге үйретуі керек. Бұл сары түстей жұмсақ ескерту, кейде дұрыс жолды табу үшін ойланып, ойланып шешім қабылдауға мүмкіндік береді.
3. Жасыл түстер — қолдау, батылдық: Әке баласына жақсы істерді істеуге, өз күшіне сеніп, өмірде алға ұмтылуға батасын беруі қажет. Жасыл түстей еркіндік, жеңілдік пен қолдау.

«Бағдаршам тәрбие» баланың өмір жолында жол көрсетуші тәрбиеші болу үшін қажетті барлық элементтерді үйлестіріп, дұрыс тәрбие беру үшін қолданылатын әдіс. Әке өзінің балаларын жақсы жолға бастау үшін осы үш түсті де үйлестіріп, тәрбиелік әсер етуі керек.

Көркем еңбек, ас бөлме

Мақсаты: Қазақ халқының мол қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Оқушыларды әсемдікті тани білуге баули отырып, эстетикалық ой өрісін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.

Өнер – халық тарихының шежіресі. Осы өнер арқылы өмірге деген кең тыныс, тіршілікке деген ой толғаныс, адамның әр түрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырдан келе жатқан қол жетпес мұрасы. «Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын» – демекші Ы.Алтынсарин әр адамның бойында өзіне тән өнері болады. Ол өнерді дамыту немесе дым қажетке жаратпай бос қалдыру әркімнің өз қолында. Мектебімізде сондай өнерлі оқушыларымыз да аз емес. Әр оқушының бойындағы қасиетін көріп, оны дамытып, жұлдызын жаға білу ұстаз

алдындағы үлкен міндет. "Осындай өнерлі оқушыларымызға, "Өнерлерің өрге жүзсін",-деп тілек айтамыз. Енді оқушы мен мұғалімнің бірлесіп жасаған жұмысын ұсынайық:

«Шығармашылық әлемі» бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыс бойынша жасалған есеп

Сабақтар бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Аптасына 1 сағаттан 2 а, 2 ә, 2б, 2 в, 2 г сыныптарында өтеді.

Қамтылған бала саны-109

Мақсаты мен міндеттері:

«Шығармашылық әлемі» бағдарламасының негізгі мақсаты – балаларға сурет салу мен көркем өнердің әртүрлі түрлерімен танысуға мүмкіндік беру, оларды шығармашылық тұрғыда дамыту, табиғи және жасанды материалдармен жұмыс істей отырып, көркемдік дағдыларын қалыптастыру.

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Әртүрлі сурет салу әдістері мен техникаларын үйрету.
- Өнердің негізгі құралдары мен материалдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Оқыту міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Әртүрлі сурет салу әдістері мен техникаларын үйрету.
- Өнердің негізгі құралдары мен материалдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.

2. Тәрбиелік міндеттер:

- Балаларды өз Отанының мәдениеті мен халық шығармашылығына қызығушылық танытуға тәрбиелеу.
- Балалардың рухани және моральдық қасиеттерін қалыптастыру.
- Өзін-өзі бақылау, өзара көмек көрсету, дене шынықтыру мен сауықтыру дағдыларын дамыту.

3. Дамытушылық міндеттер:

- Балалардың қиялдау қабілеттерін, шығармашылық дағдыларын дамыту.
- Эстетикалық және көркемдік талғамды қалыптастыру.
- Балаларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу.

Бағдарламаның мазмұны мен әдістемесі:

1. Көркем өнердің тілін үйрену:

Балалар көркем өнер туындыларын талдап, олардың композициясын, түстерін, формасын, стилін түсіну арқылы өнердің тілін үйренеді. Бағдарламада балалардың назарын әсіресе станоктық өнердің түрлеріне (сурет салу, графика, мүсін), сондай-ақ сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне (аппликация, сәндік композициялар, қағаз пластикасы) аудару маңызды.

2. Тиімді жұмыстар мен жаттығулар:

Балалар түрлі шығармашылық жұмыстарға тартылып, табиғи материалдармен, сазбалшықпен, қағазбен, матамен жұмыс жасайды. Осылайша, олар жаңа материалдармен танысып, олардың мүмкіндіктерін шығармашылық тұрғыда қолдануды үйренеді.

3. Қолданбалы өнер:

Бағдарламада қолданбалы өнер түрлері де кеңінен қарастырылады. Әр түрлі құрал-жабдықтар мен материалдарды пайдалану арқылы балалар өздерінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Олар түрлі композициялар мен декорациялар жасап, сол арқылы өздерінің көркемдік талғамдарын дамытады

Бағдарламаның нәтижелері мен жетістіктері:

- Шығармашылық даму: Оқушылардың шығармашылық қабілеттері айтарлықтай артты. Олар өз идеяларын жүзеге асыруда түрлі техникаларды қолдана отырып, түрлі өнер түрлеріне қызығушылық танытты.
 - Көркемдік талғам: Сурет салу мен шығармашылық жұмыстар арқылы балаларда көркемдік талғам қалыптасты.
- Оқушылардың жетістіктері:
- Оқушылар шығармашылық жұмыстарын толықтай аяқтап, өз жұмыстарын талдап көрсете алды.

- Қазіргі заманғы өнер түрлерімен танысып, сурет салудың жаңа әдістерін меңгерді.- Көркемдік талғамдары жетіліп, шығармашылық қабілеттері айқындала түсті.

Қорытынды:

«Шығармашылық әлем» бағдарламасы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға үлкен әсерін тигізді. Балалар көркем өнердің түрлі бағыттарымен танысып, өзінің жеке шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік алды. Бағдарлама балалардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, оларды әрі қарай өнерге деген қызығушылыққа тәрбиеледі.

- Факультатив сабақтар барысында оқушылар көркемдік дағдыларын дамытып, сурет салудың әртүрлі жанрларымен танысты.

- Әр тоқсан сайын олардың шығармашылық жұмыстары мен нәтижелері артты.

- Сабақтар барысында қызықты және шығармашылық атмосфера қалыптасты, оқушылар өз идеяларын ашық және еркін білдіруге үйренді.

- Әр сынып оқушыларының белсенді қатысуы мен жақсы нәтижелері көрініс тапты.

«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығының негізінде апта тақырыбына сай әр жұма сайын оқушыларға өмірлік өнеге мен кәсіби біліктілігін таныстыру мақсатында үлгі аларлық тұлғаларды «Өнегелі өмір» кездесу алаңына шақыру іс-шарасы жүйелі жүргізілді.

Құқықтық тәрбие: Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында заңгерлер мен құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылып, құқықтық білім негіздері бойынша әңгімелер мен түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Іс-шара атауы	Саны
Мектепшілік ИДН инспекторымен кездесу	5
Құқықтық оқулар Құқық фракциясы	6
Бірлескен жұмыс ДТІЖО, Педагог психолог, әлеуметтік педагог	40
«Түнгі рейд» кезекшілігі	7
Есепке алынған оқушы (аудан, мектеп)	0
Барлығы	58

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезіндегі кедергілер мен оларды шешу жолдары

Мектеп	1. Қиындықтың сипаттамасы (атауы) <i>Описание проблемы (название)</i>	2. Қиындықты анықтау әдісі <i>Методы выявления проблемы</i>	3. Шешім қабылдауға негіз болған талдау <i>Анализ, послуживший основой для принятия решения</i>	4. Шешу үшін жасалған әрекеттер <i>Предпринятые действия для решения проблемы</i>
	Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда кездескен нақты мәселе (мысалы: ата-ана қызығушылығының төмендігі, оқушылардың	Бұл мәселе қалай байқалды? (мониторинг, сауалнама, мұғалімдердің бақылауы, ата-аналармен кездесулер	Мәселенің туындау себептеріне жасалған талдау, мүдделі талаптардың пікірі, деректер негізінде қортындылар	Мәселені шешу жолында қандай қадамдар жасалды? (жоспар құрды, жұмыс тобы құрылды,

	немқұрайлығы, уақыт тапшылығы)	нәтижесі және т.б.)		ата-аналармен жұмыс жүргізілді, оқушылармен тренинг, т.б.)
И.Құтпанұлы О.М	Ата-аналардың бағдарламаға немқұрайлы қарауы немесе тәрбие жұмысына белсенді қатыспауы. Уақыттың тапшылығы. Кейбір оқушылардың тәрбиелік шараларға қатысуға қызығушылығының болмауы.	Ата-аналар жиналысын тәрбиелік бағытта өткізу, ортақ чаттарда тәрбиеге қатысты кеңестер, пайдалы ақпараттармен бөлісу. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері арасында тәрбиелік бағыттағы тығыз байланыс орнату. Ата-аналарды іс-шараларға белсенді тарту (мысалы, АПҚО сабақтары, отбасы күні, ашық тәрбие сағаттары).	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мазмұндық тұрғыдан өзекті болғанымен, оның орындалуында әдістемелік, ұйымдастырушылық және адами факторлардан туындайтын қиындықтар бар.	Мектепшілік тәрбие жұмысын жүйелеу мақсатында жылдық тәрбие жоспары құрылды. Әр айға нақты тақырыптық бағыттар (рухани-адамгершілік, құқықтық, патриоттық, экологиялық тәрбие және т.б.) белгіленіп, іс-шаралар соған сай жоспарланды.

5. Қолданылған әдіс-тәсілдер <i>Использованные методы и приёмы</i>	6. Мәселенің шешілгенін қалай анықтады <i>Как определили, что проблема решена</i>	7. Нәтижелер мен ұсыныстар <i>Результаты и рекомендации</i>
Қандай нақты педагогикалық, әлеуметтік, психологиялық немесе басқарушылық әдістер қолданылды? (топтық жұмыс, коучинг, фасилитация, жобалау тәсілі, мотивациялық тренинг, т.б.)	Қандай көрсеткіштер арқылы шешімнің тиімділігі анықталды? (қатысу деңгейі артты, оқушылардың белсенділігі өсті, кері байланыс, нәтижелердің мониторингі, т.б.)	Жеткен нәтижелер, тәжірибенің маңыздылығы, ұсыныстар (қайталауға бола ма, басқа мектептерге ұсыныла ма, жүйелеуге бола ма, т.б.)
Топтық және ұжымдық жұмыс, Психологиялық	Қатысу мен қызығушылық деңгейінің артуы. Белсенді	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге

әдістер, SWOT-талдау және мониторинг	оқушы мен ата-ана санының көбеюі. Сапалы кері байланыс пен оң пікірлер. Мониторинг нәтижелеріндегі оң динамика. Құндылықты қабылдау мен мінез-құлықтағы оң өзгерістер	асыру барысында алынған тәжірибе — қазіргі білім беру жүйесінде тәрбиенің рөлін күшейтудің нақты жолдарын ұсынатын үлгілік модель бола алады. Бұл тәжірибе жүйелі түрде жинақталып, басқа мектептерге таратылуы керек.
--------------------------------------	---	--

Мектептің «Біртұтас тәрбие» жұмысына «SWOT» талдау

Күшті жақтары 1. Мектептің тәрбие қызметі үш салада жүзеге асатындығы: оқыту барысында, сабақтан тыс, мектептен тыс қызметте. 2.2 тоқсан бойынша сынып сағаттарының жүйелі бола бастауы. 3. Қауіпсіздік сабақтарының 10 минутқа кіріктілуі. 4. Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылу жұмыстары тиянақты жұмыс атқаруы. 5. Тәрбие жоспарына сәйкес іс-шаралардың өткізілуі. 6. «Балалар кітапханасы жобасы» 7. «Азамат» ИДН бірлескен жобасы: «Намыс» ұлдар ұйымы мен «Инабат» қыздар ұйымының жұмысы 8. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы 9. Мектептің психологы мен әлеуметтік педагогтің міндетті жұмыстары	Әлсіз жақтары 1. Кейбір мұғалімдердің кезекшілікке жауапсыздық танытуы. 2. Әлеуметтік көмек көрсетуші демеушілердің тапшылығы 3. Оқушылардың сабаққа кешігіп келуі және себепсіз қалуы. 4. Сынып жетекшілердің график бойынша берілген тапсырмаға тағы сәл жауапкершілікпен қараса. 5. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы атап айтсақ - апталыққа - тәрбие сағаттарына - мерекелік іс-шараға 6. Оқушылар арасында құқықбұзушылық 7. Сынып жетекшілер мен оқушылар арасындағы жұмысы 11. Сынып сабағын өтілетін уақытынан бұрын бекіттіріп, талапқа сай өткізілуін әлі де жолға қою
Мүмкіндіктер 1. Мектебімізде өзін-өзі басқару, мектеп парламент ұйымдарының құрылып, тиянақты жұмыс атқаруы. 2. Мектебіміздегі білім алушылардың отбасы тұрақтылығы, әлеуметтік жағдайының жақсаруы. 4. Дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, өзін-өзі таныту, дамыту үшін қолайлы жағдайдың нәтиже көрсетіп жатқаны 5. Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігінің артуы. 6. Сынып сағатының өтілуі бір жүйеге келе бастады	Қауіпті 1. Ғаламтор желісінен келетін қауіптер. 2. Көпшілік оқушылардың бойындағы енжарлық, ұялы телефонға тәуелділік 3. Сынып жетекші мен ата-ана тарапынан қадағалаудың күшейтілмеуі. 5. Кибербуллинг пен буллингтің алдын алу 6. Ескерткен жұмыстар уақытында орындалуы

Қорытынды:

Жыл бойынша атқарылған жұмыстар мектеп оқушыларының тәрбие деңгейін арттыруға ықпал етті. Тәрбиелік іс-шаралар балалардың рухани, әлеуметтік, патриоттық, мәдени дамуына ықпал етіп, олардың тәртібі мен белсенділігіне оң әсерін тигізді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың контингентінен сәйкес арнайы жағдайлардың болуы

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2015 жылдың 8 сәуірінде шыққан №179 бұйрығына сәйкес және «Балалар құқығы туралы» конвенцияға сүйене отыра Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға жағдай жасалған. Кабинет жабдықталған.


2022-2023 оқу жылында мектебінде 55 сынып 1234 білім алушы болса оның ішінде мүгедектігі бар оқушылардың саны -4. Ерекше білімді қажет ететін оқушы-13. Үйден білім алатын оқушы - 3. Білім алушылардың жалпы санынан ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың үлесі - 1 % .

2023-2024 оқу жылында мектебінде 48 сынып 1080 білім алушы болса оның ішінде мүгедектігі бар оқушылардың саны -3. Ерекше білімді қажет ететін оқушы-5. Үйден білім алатын оқушы – 1. Білім алушылардың жалпы санынан ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың үлесі -0,4 %

2024-2025 оқу жылында мектебінде 50 сынып 1058 білім алушы болса оның ішінде мүгедектігі бар оқушылардың саны -2. Ерекше білімді қажет ететін оқушы-9 . Үйден білім алатын оқушы саны - 1. Білім алушылардың жалпы санынан ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың үлесі – 0,08 % .

	2024-2025
Мүгедектігі туралы анықтамасы бар	2
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар	9
Үйде оқитын балар	1

Мектептің тосқауылсыз ортасы: пандус, тактильді жолдар, брайль тақтайшалары.



Мектепте 2024-2025 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға 38 пән мұғалімдері білім берді, барлық мұғалім сертификатталған. Жалпы мектепте 87 мұғалімнің 31 педагогі инклюзивті білім беру бойынша курстан өтіп сертификатталған. Яғни ұстаздардың 44 % инклюзивті білім беру бойынша курстан өткен.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекші оқушыларды арнайы іс-шараларға қатыстырып бос уақыттарын тиімді өткізуге жұмыстар жүргізеді.

Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагог, психолог, логопед, дефектолог, медбике даму мүмкіндігі шектеулі балалармен көптеген жұмыстар жасайды. Бұл саладағы оқушылар ерекше назарда болады. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың кейбіреулерінде өзіндік қабілет, ерекшелік бар. Мысалы кейбіреулері би билеуге, спортқа, сурет салуға қызығады, осындай қызығушылығы мол балаларды әрі қарай дамыту әлеуметтік педагогпен әрбір мұғалімнің міндеті. Бұл балаларды өздерінің қабілетіне қарай түрлі конкурстарға қатыстырамыз. Оқушылар жүлделі орындарды иеленіп қуанып келеді.

Мектепте еңбек пәнінің ұстаздарымен аудандық, облыстық қолөнер бағытындағы сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болатын.

Мектепте ерекше білімді қажет ететін оқушыларға ойындар, байқаулар және тәрбие сағаттары өткізіледі. Оқушылар ол іс шараларға қызыға, белсене қатысады. Қол өнер үйірмелеріне белсене қатысады.

Оқушылар осылайша еңбек әрекетіне қатысудың маңыздылығын түсіне бастайды. Бұның бәрі оқушылардың тұлғалық қалыптасуы туралы айта отырып, олардың өмірлеріндегі еңбектің рөлі мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен логопед, психолог, әлеуметтік педагог мамандары жұмыс жүргізеді.

